

Тақырыбы: «Мың бір мамандық »
(психодиагностикалық жұмыс 9-10 сынып)

Педагог- психологтар:

Дербисова Л.Т.

Нурметова М.У.

Мақсат:

Білімділік: Оқушыларға мамандықтар туралы түсінік беру. Әр түрлі мамандықтармен таныстыру. Мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру, психологиялық қолдау көрсету.

Дамытушылық: оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, мамандықты өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз- өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.

Тәрбиелік: сыйластыққа, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: мамандық туралы суреттер, слайд, бейнежазба.

I. Кіріспе:

Мамандық алғың келе ме?

Мамандық өзі немене?

Айналаң толған мамандық,

Айналаң толған өнеге.

-«Мамандық» сөзіне анықтама беру

Профессия - латын сөзінен шыққан, “professio” - анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мамандық таңдау - тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез- келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін- өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

Мамандық таңдау- өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы- адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

II. МАМАНДЫҚ ТҮРЛЕРІ:

«Аспаз»

«Тігінші»

«Етікіші» туралы таныстыру бейнежазба көрсету.

III. «Болашақта кім болғың келеді?» сауалнама толтыру.

Өз мамандықтарын таңдауда мақсатқа жету әр адамның еркіне, өмірге құштарлығына байланысты. Сонымен қатар мамандық таңдау факторларына мыналарды жатқызуға болады:

«Білгім келеді»- қызығушылық, бейімділік.

«Қызығушылық»- қандай да бір саланы, құбылысты танып білуге, оны зерттеуге деген құмарлық.

«Бейімділік»- қандай да бір қызметпен айналысудағы икемділік.

«Қолымнан келеді»- қабілет, денсаулық жағдайы.

«Қабілет»- адамның қандай да бір қызметті орындаудағы жеке- дара қабілеті, шығармашылық мүмкіндігі.

IV. «Мамандықты тап» ойыны.

Шарты: Оқушыға карточкаға жазылған мамандықтың аты беріледі, ол сол мамандықты ыммен көрсету керек. Қалғандары мамандықты табу керек.

Дәрігер

Мұғалім

Басшы

Бухгалтер

Кітапханашы

Сварщик

Банк қызметкері

Аспазшы

Сатушы

Тігінші

V. Қорытынды:

Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады. Ал жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындықтарға кездеседі.